

Үржар ауданының мәслихаты

Шығыс Қазақстан облысы Үржар
аудандық мәслихатының 2019
жылғы 11 қазандағы № 45-501/VI
шешімі. Шығыс Қазақстан
облысының Әділет
департаментінде 2019 жылғы 25
қазанда № 6224 болып тіркелді

Маслихат Урджарского района

**Үржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 наурызындағы
№ 41-498/V «Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер
және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу
туралы» толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Үржар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 наурызындағы № 41-498/V «Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4457 нөмірімен тіркелген, 2016 жылдың 04 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтық құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 15 сәуірінде 2016 жылы жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген қосымшаның 2 және 3 тармақтары, осы шешімнің қосымшасының 2 және 3 тармақтарына сәйкес жана редакцияда жазылсын.



2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Саматеев

Үржар аудандық мәслихатының хатшысы

К. Карашев

Үржар аудандық мәслихатының
2019 жылғы қазанындағы
№ _____ шешіміне қосымша

**Жиналыстар, митингілер, шерулер,
пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін реттеу**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар:

1) Үржар селосы, аудандық мәдениет үйінің (Абылайхан даңғылы 128) жанындағы «Тәуелсіздік» алаңы;

2) Үржар селосы, «Болашақ» саябағы.

3. Шерулер мен демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді:

1) Үржар селосы Қ. Игенбаев көшесі – Абылайхан даңғылы – Абай көшесінің қиылыстарынан, Абылайхан даңғылы бойымен аудандық мәдениет үйінің орталық кіре берісіне дейін;

2) Үржар селосы, Қ. Игенбаев – Жамбыл, Жамбыл - Старокожева көшелерінің қиылыстарынан, Старокожева көшесінің бойымен «Болашақ» саябағына дейін.

4. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

5. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) ауданның жергілікті атқарушы органмен келісусіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілердің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін пайдалануға; қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқықбұзушылыққа шақыратын транспорттар, ұрандар, басқа да материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/видео), сондай-ақ, көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

7. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізілуі тиіс.

8. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізу объектісінің жанында тұруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) қысқа ұрандар айтуға, пикеттің тақырыбы бойынша ұрандар айтуға рұқсат етіледі.

9. Пикетті тұрпатын өзгерту/өзге түрде жалғастыру үшін митинг/жиналыс /шеру жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртіптегі рұқсатын алу қажет.

10. Бұқаралық шараларды темір жол су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

11. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, оларды өткізу тәртібі бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ауданның жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылады.

12. Ауданның жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.